




Досбенбетова А.Ш. Практикум по педагогике высшей школы: учебно-методическое пособие.-Шымкент, 2024.- 100 с.
ISBN 978-601-08-3785-0

Учебно-методическое пособие направлено на подготовку магистрантов к профессиональной деятельности преподавателя высшего учебного заведения, педагога, обладающего развитыми исследовательскими навыками, на развитие организаторских, управленческих, коммуникативных способностей обучающихся.

Пособие предназначено для магистрантов, докторантов и преподавателей вузов, а также всем тем, кто интересуется проблемами подготовки специалистов в высшей школе.



Кенжехан ТӨЛЕБАЕВ. БЕДЕЛДІ БЕЛЕСІМЕ РИЗАМЫН! Сұхбаттасқан Жолбарыс ТЛЕУУҰЛЫ. – Шымкент қ., 384 бет.
ISBN 978-601-06-9331-9

Қолыңыздағы сыр-сұхбат кітабында елімізге, соның ішінде Оңтүстік өңіріне есімі жақсы танымал тұлға, Түркістан облысының, Шымкент қаласының, Жетісай, Мақтаарал, Шардара аудандарының Құрметті азаматы Кенжехан Атақұлұлы Төлебаевтың қоғамдық өмірінің сан қыры жайлы сөз болады. Сондай-ақ, кітапта оның туған ел, өскен жер, ұлттық мүдде, әдет-ғұрып, тәлім-тәрбие, сыйластық, достық, ата-ана, аға-бауыр, жар, перзент жайлы толғаныстары кеңінен қамтылған. Кейіпкердің 70 жылдық мерейтойы алдындағы туған халқына берген есебі іспеттес бұл сыр-сұхбаттан кімге де болса алар өнеге, үйренер үлгі жетерліктей. Оқуға жеңіл, көкейге қонымды кітап көпшілік қауымға арналған.

Байнеева П.Т.
Есиркепова А.М.

**АЙМАҚТЫҢ ТАМАҚ ӨНЕРКӘСІБІН
ДАМУ: ӨНДІРІСТІК ӘЛЕУЕТІ
МЕН БАҒЫТТАРЫ**

Байнеева П.Т., Есиркепова А.М. Аймақтың тамақ өнеркәсібін дамыту: өндірістік әлеуеті және бағыттары. Монография. – Шымкент, 2024. – 160 б.

ISBN 978-601-408-4040-9

Монографияда аймақтың тамақ өнеркәсібін дамытудың негізгі аспектілері қарастырылады, өндірістік әлеует пен сала өсуінің негізгі бағыттары талданған. Ғылыми жұмыста тамақ өнеркәсібінің қазіргі жағдайы, оның ішінде нарықтық ортаны, өндірістік қуаттылықты және тұтыну тенденцияларын талдаудың егжей-тегжейлі зерттеуі ұсынылады. Өндіріс тиімділігін арттыру және заманауи технологияларды енгізу мәселелеріне ерекше назар аударылады, бұл өнімнің сапасын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар өндіріс шығындарын азайтуға мүмкіндік береді.

Монография ғылыми қызметкерлерге, 7M04110 – «Экономика» білім беру бағдарламасының магистранттарына, 8D04110 – «Экономика» білім беру бағдарламасының докторанттарына, оқытушыларға, мемлекеттік басқару органдарына және экономикалық факультет студенттеріне арналған.



Конакбаева У.Ж. Болашақ мұғалімдерді оқушыларды бейіндік оқытуға кәсіби даярлау: монография. – Алматы: Дарын, 2024. – 189 б.

ISBN 978-601-382-035-4

«Болашақ мұғалімдерді оқушыларды бейіндік оқытуға кәсіби даярлау» монографиясы кәсіптік оқыту және педагогикалық бағыттағы мамандықтардың бакалаврлары үшін арналған қажетті мәліметтерді қамтиды. 12 жылдық білім беру жүйесіне көшу жағдайында жоғары сынып оқушыларын бейіндік оқыту заман талабы, сол себепті болашақ мұғалімдерді оқушыларды бейіндік оқытуға кәсіби даярлау маңызды. Монография бейіндік оқытудың барлық өзекті мәселелері қамтыған. Біз өз жұмысымызда 12 жылдық білім беру тұжырымдамасы мен бейіндік білім беру бағдарламасын және оқушылардың бейіндік оқытудың ұйымдастыру пәнінің оқу үдерісінде пайдалану мүмкіндіктерін негізге алып отырмыз.

Монография кәсіптік оқыту және басқа да педагогикалық мамандықтағы жоғары оқу орындарының студенттері мен магистранттарына арналған.

Конакбаева Улжамал

**БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ
ОҚУШЫЛАРДЫ БЕЙІНДІК
ОҚЫТУҒА КӘСІБИ ДАЯРЛАУ**

МОНОГРАФИЯ



Қурманбай Үсен Кенжетайұлы



Қазақстанның шөл аймағындағы түйе төлдерінің өсіп жетілуі мен биологиялық ерекшеліктері



Қурманбай У.К. Қазақстанның шөл аймағындағы түйе төлдерін өсіп жетілуі мен биологиялық ерекшеліктері. Монография. – Шымкент, «Әлем» Баспаханасы, 2025 ж. – 148 бет. ISBN 978-601-7705-53-4

Монография Оңтүстік Қазақстан аймағында түйе шаруашылығының өнімділігін арттыру мақсатында түйе төлдерінің өсу динамикасы мен ет өнімділігінің ерекшеліктері жан-жақты зерттелген. Созақ өңірінде түйе төлдерінің туылғаннан кейінгі өсу және даму заңдылықтары анықталып, 18 және 30 айлық жасында көшкі семізді және ет өнімділігінің қалыптасуының негізгі көрсеткіштері талданған. Түйе төлдерінің тірі салмағы мен өсу қарқынын егжей-тегжейлі талдау, сондай-ақ тері өнімдегі физикалық және механикалық қасиеттері зерттелген. Зерттеу нәтижелерінде түйе шаруашылығын тиімді дамыту үшін қажетті ғылыми негіздер мен технологияларды ұсынып, өнімділікті арттыруға және жергілікті экономикаға оң әсер етуге беретін мүмкіндік қарастырылған. Бұл монография ауыл шаруашылығы мамандары, мал шаруашылығын зерттеуші ғалымдар, агрономдар, сондай-ақ түйе шаруашылығымен айналысатын фермерлер мен шаруашылық жетекшілеріне арналған.

Сарсекенова Ақзира Жұпқанқызы
Сапашева Айгерім Оразбайқызы



ДҮНИЕТАНУ ЖӘНЕ ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ПӘНДЕРІН ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ


(Педагогика және бастауышты
оқыту әдістемесі мамандығының
студенттеріне арналған оқу құралы)




Сарсекенова Ақзира Жұпқанқызы, Сапашева Айгерім Оразбайқызы - Дүниетану және жаратылыстану пәндерін оқыту әдістемесі «Педагогика және бастауышты оқыту әдістемесі» мамандығының студенттеріне арналған оқу құралы. – Шымкент «Әлем» баспаханасы, 2025 ж. 252 б. ISBN 978-9965-07-582-7



Бұл әдістемелік оқу құралында жаңартылған бағдарламаның тиімділігі, мақсаты, міндеттері, оқытудың формалары, оқытудың әдіс – тәсілдері, сабақтың түрлері, жаңа инновациялық технология бойынша сабақтардың әдістемесі, сынақтан тыс жұмыстардың түрлері және оларды өткізу әдістемесі, білім берудің глоссарийлері берілген, көптеген әдебиеттер көрсетілген. Студенттер осы оқу құралымен дайындалу барысында педагогикалық іс-тәжірибеден жақсы дайындықпен өтеді және мұғалім болып жұмыс жасағанда да көп көмек алады деген үмітпен жазылған. Ұсынылып отырған әдістемелік оқу құралы педагогикалық университеттер мен институттардың «Педагогика және бастауышты оқыту әдістемесі» мамандығының студенттеріне және мектеп мұғалімдеріне арналған.

<p style="text-align: center;">Жолбарыс ТІЛЕУҰЛЫ</p>  <p style="text-align: center;">АЛЫСҚА ТАРТҚАН АҚ КЕРУЕН</p>	<p>Тілеуұлы Ж. Алысқа тарқан ақ керуен / Жолбарыс Тілеуұлы. – Алматы: «Тоғанай Т», 2017. – 160 + 40 бет жапсырма. ISBN 978-601-7843-17-4</p> <p>Қолыңыздағы жинақта қырғызданына жарты ғасыр толып отырған қиыр Оңтүстіктегі іргелі кәсіпорын, Бұрынғы Киров атындағы мақта тазарту зауытының бүгінде «Корпорация Ақ алтын» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің тыныс-тіршілігі сөз болады. Кезінде бір ауданның өнімін қабылдап, өндеген өндіріс орнының тарихы арқылы сонда тұрып, қажырылы еңбек еткен, маңдай терін төгіп, мол өнім дайындаған азаматтардың шығарған апталазаматтарының есімдері де кешеннен арқау болады. Ата-аналардың қарқынды, қайымды, қажымас қайратты еңбексүйгіштігі мен ұйымшылдығы, кейінгі буынға үлгі-өнеге, тәрбие құралы болады деген үміттеміз. Кітап жеңіл осылады, көпшілік қауымға арналған.</p>
 <p style="text-align: center;"><i>Ана мейірімінің құдіреті</i></p>	<p>Битұрсын Ғ.Ш. Ана мейірімінің құдіреті. Әдеби рухани туынды. – 316 бет. ISBN 978-601-7675-69-1</p> <p>Жалпы, адамзат санасында анаға деген құрмет әу бастан-ақ қалыптасқаны белгілі. Ананы сыйлау үшін белгілі бір дәрежеде білім алудың да маңызы шамалы шығар. Адам баласына берілген ақыл-парасатты айтпағанның өзінде, табиғаттағы өзге тіршілік иелерінің түйсік-танымынан да сабақ алуға болады. Ал, адамзат баласының анаға деген құрметі – құндылықтың төресіне пара-пар тағзыммен өлшенбек. Ананың балаға деген махаббаты – алпыс екі тамырын идірген іңкәр сезім мен шексіз мейірімнің ғажап бейнесін өрнектейді.</p> <p>Кітапта дала заңымен тәрбиеленген аналарымыздың бойындағы қарапайым ғана ізеттерінің, өмірлік ұстанымдарының қайырымды ұрпақ тәрбиесінде ұлы істерге ұласып жатқан тұстары тәрімаланады. Перзент алдындағы ананың ерен қызметі, қоғамдағы, отбасындағы орны және оның мейірім-шапағатты «афоризм» түрінде жазылады. Анаға деген құрметтен жарыққа шыққан осы бір әдеби туындының екінші бөлімін қарапайым ғана ғұмыр кешкен аяулы анама арнай отырып, өресі биік заңғар замандастарыма және кейінгі өскелең ұрпаққа ұсынамын.</p>

 <p>Жолдасов С.А.</p> <p>Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистикаға арналған есептер жинағы</p>	<p>Жолдасов С.А. Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистикаға арналған есептер жинағы: оқу құралы / С.А. Жолдасов. – Алматы: Эверо, 2022. – 160 б. ISBN 978-601-352-759-8</p> <p>Оқу – әдістемелік құралы математика, физика және информатика мамандықтарының студенттері үшін «Ықтималдықтар теориясы және математикалық статистика» пәнінің практикалық сабақтары бойынша ұсынылған типтік бағдарламасына сәйкес жасалынған. Оқу құралында ықтималдықтар теориясы және математикалық статистиканың қысқаша мазмұнындағы тақырыптар, ықтималдықтар теориясының кейбір тақырыптарына қосымша зерттеулер және тақырыпқа сай тесттер, мысалдар, тапсырмалар берілген. Оқу құралы жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған.</p>
<p>Досбенбетова Анара Шаймахановна</p> <p>ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ПЕДАГОГИКАСЫ:</p> <p>практикалық сабақтарға арналған оқу-әдістемелік құрал</p>	<p>Досбенбетова Анара Шаймахановна Жоғарғы мектеп педагогикасы: практикалық сабақтарға арналған оқу-әдістемелік құрал. – Шымкент: «Әлем» баспаханасы, 2022. – 84 бет. ISBN 978-9965-20-780-8</p> <p>Жоғары мектеп педагогикасы тұтас педагогикалық процесс негізінде қарастырылады. Оқу-әдістемелік құрал жоғары мектеп оқытушысы мен білім алушылардың өзара іс – әрекеттері мен оқу – тәрбие мәселелері тұтас педагогикалық процесте субъект – субъектілік ара – қатынасқа негізделген. Практикалық сабақтардың мазмұны мен құрылымы жаңа педагогикалық талаптарға сай болып ерекшеленеді. Оқу-әдістемелік құрал жоғары оқу орындағы оқытушыларға, магистранттар мен студенттерге арналған. Жоғары оқу орындарында да оқылатын педагогикасы бағдарламасы негізінде құрастырылған.</p>

	<p>ЖҰМАБЕК ЖӘНЕ ЖЕР МАЙДАН: Отбасы хрестоматиясы. С.Керімбай, Ә.Нәби. – Алматы: «Отбасы» Баспа үйі, – 2025. – 328. ISBN 978-601-82204-5-6</p> <p>Бұл кітапта мемлекет қайраткері Жұмабек Тәшеневтің қызметі мен болмысына экзистенциялық талдау жасалады. Жұмабек жайлы естеліктер мен оқиғаларды сараптай отырып, оның жер үшін болған жанқиярлық күресі баяндалады. Кітапта Конституция, жер, бірлік, ұлттық идея, мемлекетшілдік сана сияқты құндылықтарға басымдылық беріледі. Соны насихаттау әрі экзистенция мақамында талдау арқылы оқырманның кеудесіне патриоттық сезім мен мемлекетшілдік сананы ұялатады. Кітап Жұмабек Тәшеневтің болмысына қызығатын оқырманға арналады.</p>
	<p>Қалдаяқов К.Қ., Исламова М.М., Назар Д.Б. Шетел тілін арнайы мақсатта оқыту (C2 деңгей). Тілдік факультеттерін 4-курс білімгерлеріне арналған: оқу-әдістемелік құрал / Қ.Қ. Қалдаяқов, М.М. Исламова, Д.Б. Назар. – Алматы: Эверо, 2025. – 224 б.</p> <p>Авторлар ұсынып отырған оқу-әдістемелік құрал – ұстаздық және әдістемелік тәжірибенің жемісі. Бұл оқу-әдістемелік құрал білімгерлердің басқа да оқу-әдістемелік құралдарына көмекші ретінде пайдалануға арналған.</p>

 <p>Кенжебекова Р.И., Молдабек Қ., Жораева Г.Б., Тамабай Ә.</p> <p>БАСТАУЫШ МЕКТЕПТЕ МАТЕМАТИКАНЫ ОҚИТУ ӘДІСТЕМЕСІ</p>	<p>Кенжебекова Р.И., Молдабек Қ., Жораева Г.Б., Тамабай Ә. Бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі. Оқу құралы. – Шымкент, «Әлем» баспаханасы, 2025. – 220 бет. ISBN 978-601-7705-45-9</p> <p>Оқу құралы бастауыш мектепте математиканы оқыту әдістемесі пәні бойынша қарастырылған. Еңбек 6В01301 – Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі білім беру бағдарламасының білім алушыларына арналған. Білім алушылар – болашақ мамандардың білімдерін тереңдетуге, олардың кәсіби іс-әрекетіне деген танымдық, шығармашылық қабілетін қалыптастыруға, өздігінен білім алу іскерліктерін шыңдап, зерттеу бейімділіктерін жетілдіруге бағытталған. Оқу құралы білім алушыларға, бастауыш мектеп мұғалімдеріне, магистранттарға әдістемелік тұрғыдан пайдалы.</p>
 <p>АЛТЫН ҰЯ ЗОЛОТОЕ ГНЕЗДО THE GOLDEN NEST</p>	<p>Битұрсын Ғ.Ш. АЛТЫН ҰЯ / Ғалымжан Битұрсын. – Алматы: «Қазақпарат» баспасы, 2017. – 560 б.</p> <p>Кітапта туған жердің киесі және ХХ ғасырдың басында іргетасы қаланып, ғасырға жуық мерзім ішінде жергілікті халыққа қызмет көрсетіп келе жатқан ОҚО Білім басқармасы Ордабасы аудандық білім бөліміне қарасты Жамбыл атындағы жалпы орта мектебінің тарихы таразыланады. ХVІІІ ғасырдың басында қазақ халқының басы қосылып, біріктігіп бастауына айналған киелі Ордабасы төңірегін ел тарихындағы алар орны мен жорігікті халықтың ғасырлар тоғысындағы тыныс-тіршілігі сараланады. Кітаптың мақсаты – ата-бабасынан терең білім алумен қатар, қажырлы еңбек етудің нәтижесінде тіршіліктің тірегіне айналуына арқау болатын факторларды келтіре отырып, осыны кейінгі буын жастарды сапалы білім және саналы тәрбие алуға бейімдеу. Кітаптың басынан басшылық жұмыстарын жасаған мектептің 1982 жылғы «Алтын медаль» иегері, техника ғылымдарының докторы, ҚР Ұлттық инженерлік Академиясының академигі Әлимахмет Айтақұлұлы Ыдырысов</p>

	<p>Ескара М.А. Каракулеводство: Каракульчевый смушковый тип. - Алматы: «ЛАНТАР BOOKS», 2025. 201 с. ISBN 978-601-7290-53-5</p> <p>В монографии обобщены литературные данные и представлены селекционно-генетические и биологические методы получения живорожденных ягнят, дающих каракульские смушки типов «каракульча» и «каракуль-каракульча». Основной акцент направлен на селекционно-генетические и продуктивно-биологические признаки, и параметры животных данного типа: наследование, наследуемость, формы и типы завитков, подбор животных по смушковым типам, живую массу, рисунок завитков, рост и развитие, особенность экстерьера, конституцию ягнят, развитие внутренних органов и т.д. Отдельное внимание уделено взаимосвязи основных селекционируемых признаков, так как эффективность селекции значительно повышается, когда между двумя признаками наблюдается высокая степень положительной корреляции. Монография предназначена для зооветеринарных специалистов, фермеров, а также студентов, магистрантов, докторантов аграрных вузов и научных сотрудников.</p>
	<p>Шымкент: Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті. 2022. – 400 б. ISBN 978-9965-899-60-7</p> <p>Аталған жинақ 1937 жылы екіжылдық мұғалімдер институты болып құрылған, 1954 жылдан Шымкент педагогика институты, 1987 жылдан М.Ә. Әуезов атындағы Шымкент педагогика институты, 1993 жылдан Қ.А.Яссауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Шымкент институты, 2011 жылдан Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті болып өзгерген оқу орнының 85 жылдық мерейтойына арналып отыр. Жинақта оқу орнының тарихы, факультеттер, кадрлар, құрылымдық бөлімдер мен танымал тұлғалар туралы деректер, құттықтаулар берілген. Жинақ жалпы оқырман қауымға, зиялы азаматтарға, оқу орнына қатысты көпшілікке арналған.</p>